

**«6D030200- Халықаралық құқық» мамандығы бойынша  
философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін  
Арын Айжан Арынқызының «Қылмыстық сот өндірісінде  
күдіктінің құқықтарын қамтамасыз етудің халықаралық-құқықтық  
стандарттары: Қазақстан Республикасының заңнамасына  
имплементациялаудың мәселелері» тақырыбына дайындалған  
диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің**

**СЫН-ПІКІРІ**

**1. Ғылыми зерттеу тақырыбының өзектілігі және оның жалпы ғылыми, жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (тәжірибелік және ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) байланысы.**

Қазіргі кезде адам құқықтарын қорғау мәселесі әрбір жеке мемлекеттің шегінен әлдеқайда асып кетті, сондықтан демократиялық мемлекет оларды қамтамасыз етудің «деңгейін» анықтайтын, жеке адамның құқықтарының әмбебап халықаралық-құқықтық стандарттарын құру қажеттілігі туындады. Осыған орай, ішкі заңнаманы, оның ішінде күдіктінің құқықтары мен бостандықтарын реттейтін қылмыстық іс жүргізу заңнамасын халықаралық стандарттарға сәйкес келтірмейінше, Қазақстанның әлемдік қоғамдастыққа интеграциялануы мүмкін емес.

Жұмыстың өзектілігі, ең алдымен, күдіктіні ұстап алу процедурасы дәйекті және іс жүзінде ерекше проблемалар туғызбайтындығынан көрінеді. Алайда, заңның қолданыстағы ережелерін талдау нәтижелері, күдіктіні ұстап алуға қатысты қоғамдық қатынастар толық реттелмегенін көрсетеді. Қылмыстық процесс ғылымында бұл мәселелер назардан тыс қалады (әйтпесе көптеген қылмыстық іс жүргізу институттары қайта қарастырылуға жататын еді), нәтижесінде құқық қорғау органдарының қызметкерлері ұстап алуды жүзеге асыру кезінде, құқық бұзушылықтарға жол береді.

Қылмыстық құқық бұзушылық жасады деп күдік келтірілген адамдарды ұстап алу, көбінесе елеулі қиындықтармен ұштасады, бұл оның құқықтық реттелуінің жеткіліксіздігімен түсіндіріледі. Тәжірибелік қызметкерлерде көбінесе қылмыстық процесте күдіктенудің мәні туралы нақты түсінік, қылмыстық құқық бұзушылық жасады деп күдік келтірілген адамдарды ұстап алу үшін дербес негіз ретінде ҚР ҚПК-нің 128-бабының 4-бөлігінде көзделген «өзге де деректер» деп нені түсіну керек деген сұрақтар бойынша бірыңғай пікір жоқ. Бұл мән-жайлар аталған процестік мәжбүрлеу шарасын біркелкі және дұрыс қолдануға ықпал етпейді, бұл көбінесе тергеу практикасында адамның құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына алып келетін қателіктер туғызады.

Қолданыстағы ҚР ҚПК оның барлық тұрақты өзгерістері мен түзетулерінде өзінің мәнін сақтап қалды: қылмыстық процестің неоинквизициялылығы, онда мемлекеттің мүдделері бірінші орында тұрады, ал тұлға, шын мәнінде, екінші орында және іс жүзінде құқықсыз. Қылмыстық

іс жүргізу құқығының даму тенденциясы қылмыстық процестің жаңа түрін құруға, яғни оның барлық кезеңдерінде жарыспалылық негізінде құрылған процестің қорғаушылық түріне бағытталған. Сондықтан адам мен азаматтың қазіргі кездегі бар құқықтары мен заңды мүдделерін кеңейтудің, тіпті одан әрі сақтаудың қалыптасқан тенденцияларын ескере отырып, қылмыстық процесте мұның бәрі ерекше мәнге ие болады, бұның бәрі аталған диссертациялық жұмыста көрініс тапқан.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру сатысында күдіктінің құқықтары мен заңды мүдделерінің кепілдігімен байланысты мәселелер өте перспективалы, өйткені ол қылмыстық процестегі жеке адамның құқықтарын қамтамасыз етумен байланысты бірқатар мәселелерді шешуге мүмкіндік береді. Адам, оның құқықтары мен бостандықтары жоғары құндылық болып табылатыны туралы конституциялық ереже, ҚР Қылмыстық-процестік кодексіндегі жеке адамның басымдықтарын айқындады.

Ұстап алу мерзімдерін қысқарту, күзетпен ұстаудың сот тәртібін енгізу және күзетпен ұстау мерзімдерін ұзарту, күзетпен ұстау тәртібін өзгерту және басқа да реформалар, қылмыстық іс жүргізу заңнамасын жетілдіруге, оны Қазақстан Республикасы Конституциясының және халықаралық құқықтық актілердің ережелеріне сәйкес келтіруге ұмтылысты көрсетеді.

Диссертацияда көтерілген мәселелердің басымдылығын тек автормен ғана емес, сонымен қатар тандалған тақырыптың әдіснамалық бағытымен де айқындалады. Автордың қылмыстық процестегі күдікті ұғымының проблемасына көзқарасы, соттық-тергеу құқық қолдану тәжірибесін талдауға негізделген іс жүргізу заңнамасын жетілдіруге бағытталған ұсыныстардың мазмұны өзекті және уақтылы болып табылады. Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, ұсынылған диссертациялық зерттеудің өзектілігі күмән тудырмайтындығын атап өткім келеді.

Рецензияланып отырған диссертациялық жұмыста кәсіби лингвистикалық атрибутика мен құқықтық техника сақтала отырып, баяндаудың жақсы стилі сақталған, олар оңай және қызығушылықпен қабылданады. Жұмыстың құрылымы дұрыс және қисынды, қорытындыда қамтылған мәселелер, жүргізілген зерттеу материалдары бойынша жалпы тұжырымдармен біріктірілген.

## **2. Диссертацияға қойылатын талап деңгейіндегі ғылым нәтижелері.**

Диссертациялық жұмыс қылмыстық процестің өзекті мәселесі бойынша дербес ғылыми-теориялық зерттеу болып табылады. Зерттеу барысында келесі ғылыми нәтижелерге қол жеткізілген.

**Бірінші нәтиже.** Автор күдік туралы хабарламаны жан-жақты қарастырып, осы заңнамалық новелланы сипаттайтын бірқатар тұжырымдар жасайды. Әсіресе күдік туралы хабарламаны қолдану тәртібінің кемшіліктеріне назар аударылды. Диссертант қудаланған адамдарды күдікті ретінде тартуды оңтайландыру туралы жаңа заңнамалық шешімге жалпы скептикалық көзқарасын жасырмайды (64-бап). Бұдан біз зерттеушінің

байыптылығын байқаймыз. Осылайша, диссертантпен сотқа дейінгі қылмыстық іс жүргізуде күдіктінің профессуалдық фигурасының пайда болуының негізі ретіндегі өзінің күдік ұғымы анықталған.

**Екінші нәтиже.** Күдікті мен айыпталушының іс жүргізу мәртебелерінің ұқсастықтары мен айырмашылықтарының ерекшеліктері қарастырылған, қайталанатын белгілерді жою бойынша ұсыныстар жасалған.

**Үшінші нәтиже.** Күдікті мәртебесінің негіздерін анықтайтын ҚПК-нің кейбір нормаларын жетілдіру бойынша ұсыныстар тұжырымдалады.

**Төртінші нәтиже.** Күдіктінің іс жүргізу мәртебесінің мазмұнына сотқа дейінгі қылмыстық іс жүргізу үшін салыстырмалы түрде жаңа тараптардың жарыспалылық қағидаттары мен қылмыстық сот ісін жүргізуді тағайындаудың негізгі заңдылықтары, олардың кінәсіздік презумпциясы қағидатымен өзара әрекеттесу аспектілері талданды.

**Бесінші нәтиже.** Осы диссертациялық жұмыста қылмыстық іс жүргізу қызметін реттеу мен оны жүзеге асыру тәжірибесіне қатысты күдіктінің құқықтары мен оны қорғау саласындағы халықаралық стандарттар алғаш рет қылмыстық сот ісін жүргізудің функционалдық мақсаты призмасы арқылы қарастырылады. Диссертацияда күдіктінің құқықтарының халықаралық стандарттарының құқықтық табиғаты, мәні мен мазмұны, оларды жүзеге асыру нысандары және халықаралық стандарттардың ішкі қылмыстық процестегі жеке адамның құқықтарын қамтамасыз етудің заңды құралы ретіндегі әсер ету механизмі туралы автордың идеялары көрсетілген.

### **3. Ізденуші диссертациясында тұжырымдалған әрбір нәтиженің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделуі және шынайылық дәрежесі.**

Ізденушінің зерттеу барысында қол жеткізген нәтижелері мен келтірілген ғылыми тұжырымдарының негізділігі мен шынайылығына ғылыми талдау арқылы қол жеткізілді, бұл ғылыми зерттеудің бағдарламасы мен әдістемесіне сәйкес орындалған жұмыстың жеткілікті теориялық және әдіснамалық деңгейін көрсетеді. Сонымен қатар, теориялық аспектілерді әзірлеу, отандық және шетелдік ғалымдармен қол жеткізілген қорытындылар мен бағалауларға негізделді.

Ізденуші диссертациялық зерттеуде тұжырымдаған ғылыми нәтижелер мен қорытындылардың, оның ішінде жаңаларының негізділігі мен шынайылық критерийлері келесідей расталады.

**Бірінші нәтиженің негізделуі мен шынайылығы** қылмыстық процестің сотқа дейінгі сатысында күдіктінің іс жүргізу фигурасын зерттеуге арналған отандық және шетелдік процессуалист ғалымдардың ғылыми еңбектерін зерттеу, талдау және зерделеу арқылы расталады.

**Екінші нәтиженің негізделуі мен шынайылығы** қолданыстағы қылмыстық іс жүргізу заңнамасын, теориялық деректерді талдауға, сондай-ақ зерттелетін мәселе бойынша тәжірибелік қызмет саласындағы нақты жағдайды талдауға негізделеді.

**Үшінші және төртінші нәтиже** негізделген және шынайы, олар

сотқа дейінгі іс жүргізу тәжірибесін талдаудан туындайды: қылмыстық істі сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталуы, бағдарламалық құжаттардан, сондай-ақ статистикалық мәліметтерден туындайтын қылмыстық процестің міндеттері мен қағидаттарын жүйелі талдау.

**Бесінші нәтиженің негізделуі мен шынайылығы** қылмыстық процестің барлық сатыларында күдіктінің құқықтарын қорғау жөніндегі халықаралық стандарттарды қолдана отырып, заңнамалық қана емес, сондай-ақ құқық қолдану бөлігін де пайдаланумен расталады.

#### **4. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтиже (қағида) мен қорытындының жаңашылдық деңгейі.**

Диссертациялық зерттеудің ғылыми жаңашылдығы, қылмыстық істер бойынша іс жүргізу рәсімдерінің реттелуіне елеулі заңнамалық өзгерістер енгізілгеннен кейін, Қазақстан Республикасында арнайы кешенді зерделеу үшін алғаш рет таңдалған тақырыптың өзімен айқындалады.

Автор Қазақстан Республикасының жаңа Қылмыстық-процестік кодексі негізінде қылмыстық процестің халықаралық-құқықтық стандарттары шеңберінде күдіктінің құқықтарын қамтамасыз ету мәселелерін алғаш рет қарастырып отыр.

Диссертацияда алынған нәтижелердің жаңашылдығын келесідей бағалауға болады:

**Бірінші және екінші нәтижелер** жаңа болып табылады, зерттеу барысында бірыңғай стандарттар мен егжей-тегжейлі нормалар ғылыми жаңалыққа ие екендігі анықталды.

**Үшінші нәтиже** жаңа, себебі Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексіне күдіктінің іс жүргізу мәртебесін жетілдіру бойынша жаңа баптар мен нормалар ұсынылды.

**Төртінші нәтиже** ішінара жаңа, өйткені отандық процессуалдық әдебиеттерде ұқсас ұсыныстар жеткілікті түрде қарастырылмаған.

**Бесінші нәтиже** жаңа болып келеді, өйткені ол қылмыстық процесте күдіктінің құқықтарын қорғаудың халықаралық-құқықтық стандарттарын талдаудан туындайды.

#### **5. Алынған нәтижелердің ішкі бірлігін бағалау.**

Диссертацияда ұсынылған нәтижелер, тұжырымдар мен қорытындылардың өзара ішкі байланысы орын алуда. Олар зерттеудің мақсаты мен міндеттеріне, ғылыми талаптары мен ұсыныстарына сәйкес келеді.

Диссертацияның құрылымдық бөлімдері бір-біріне үйлесімді болып келеді.

Диссертациядағы қорытындылар мен тұжырымдар шынайы, әрі ғылыми тұрғыда негізделген болып табылады.

Жұмыста тәжірибеде туындап отырған және ғылыми әдебиеттердегі дау туғызатын мәселелер бойынша автордың ұсынымы байқалады.

**6. Алынған нәтижелердің тәжірибелік және теориялық маңыздылығы.**

Алынған нәтижелер қылмыстық іс жүргізу құқығы саласындағы ғылыми білімді дамытуға сөзсіз үлес қосады, күдіктінің іс жүргізу жағдайына байланысты қылмыстық процесте туындайтын проблемалық жағдайларды шешеді. Олар жинақталған ғылыми әлеует, қылмыстық іс жүргізу заңнамасын жан-жақты сыни талдау және оны қолдану тәжірибесіне негізделеді, маңызды теориялық мәнге ие және заң шығару, ғылыми-зерттеу қызметінде және оқу процесінде, тәжірибелік қызметкерлерді даярлау және біліктілігін арттыру кезінде, тиісті оқу-әдістемелік құралдарды әзірлеу кезінде пайдаланыла алады.

**7. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының жеткіліктігіне растама.**

Диссертацияның негізгі теориялық тұжырымдары және тәжірибелік ұсыныстары автордың ашық баспада 12 ғылыми мақалаларында жарық көрген. Олардың 1-і Scopus базасына енген шетелдік журналда, 2-і шетелдік халықаралық ғылыми конференцияда, 3-і Қазақстандық халықаралық ғылыми конференцияда, сондай-ақ, 6-ы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым сапасын қамтамасыз ету Комитетімен ұсынылған басылымдарда жарияланған.

**8. Академиялық адалдық және тәуелсіздік қағидасының сақталуы.**

Диссертациялық жұмыста академиялық адалдық қағидасы сақталған.

Автор диссертациялық жұмыста мәтінге сілтемелер жасаған, бұл диссертацияда авторға және кірме мәліметтеріне сілтеме жасамай алынған материалдың жоқтығын растайды. Ұсынылған жұмыста плагиат табылған жоқ.

Диссертациялық жұмыстың тәуелсіздік қағидасы сақталған. Жұмыс жеткілікті жоғары ғылыми деңгейде дербес орындалған. Автормен ғылыми жаңалық пен тәжірибелік маңызы бар бірқатар нәтижелерге қол жеткізілген.

**9. Диссертация мазмұнындағы және рәсімдеуіндегі кемшіліктер мен ұсыныстар.**

Ұсынылған диссертациялық жұмыстың жалпы жағымды әсерін атап көрсете отырып, мен сонымен бірге бірқатар ескертулерге назар аударғым келеді.

1. Диссертант ҚР ҚПК-нің 64 және 65-баптарын «күдікті» деген атаумен біріктіріп, «айыпталушы» ұғымын ҚР қылмыстық іс жүргізу заңнамасынан алып тастауды ұсынады. Біздің ойымызша, бұл екі түсініктің арасындағы толық ұқсастықты қарастыру дұрыс емес, себебі заң шығарушы күдікті мен айыпталушыны процестің тәуелсіз қатысушылары ретінде таниды, олардың іс жүргізу және құқықтық мәртебесі көбінесе сәйкес келеді,

бірақ мұндай жағдайда да оны біртұтас деп санауға болмайды.

2. Сонымен бірге, күдіктінің қорғалу құқығының мәнін қарастыру және осы ұғымды анықтау, айыпталушының қорғалу құқығы туралы бар зерттеулерге сүйенбеуі мүмкін емес. Қылмыстық іс жүргізу әдебиетінде бұл құқықтың анықтамаларында кемшілік жоқ.

Аталған ескертулер тұтастай алғанда диссертациялық зерттеудің оң бағасына әсер етпейді және оның деңгейін төмендетпейді, тек әрі қарай ғылыми талқылаудың алғышарттары болып табылады.

### **10. Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін диссертациялық жұмысқа қойылатын талаптарға сәйкестігі.**

А.А. Арынның диссертациялық жұмысы маңызды ғылыми-тәжірибелік мәселелерді шешудің негізгі тәсілдерін ұсынады, диссертацияда баяндалған негізгі қорытындылар, ғылыми нәтижелер мен ұсыныстар толық көлемде барлық талаптарға сәйкес келеді.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, зерттеудің ғылыми деңгейін жоғары деп бағалауға болады, баяндалғанды қорытындылай келе, Арын Айжан Арынқызының «Қылмыстық сот өндірісінде күдіктінің құқықтарын қамтамасыз етудің халықаралық-құқықтық стандарттары: Қазақстан Республикасының заңнамасына имплементациялаудың мәселелері» тақырыбына жазылған диссертациялық жұмысы өзінің мазмұны, теориялық деңгейі және тәжірибелік маңыздылығы жағынан мұндай жұмыстарға қойылатын талаптарға толықтай сәйкес келеді, ал оның авторы Арын Айжан Арынқызы «6D030200- Халықаралық құқық» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты.

**Ресми рецензент:**

**KAZATISO Академиясының  
«Құқықтық пәндер»  
кафедрасының меңгерушісі,  
заң ғылымдарының докторы, профессор**



**С.Т. Әлібеков**

**«10» сәуір 2021 жыл**

